

Университет белсенділерінің Ректормен кездесуі 07.10.2025ж

2025 жылдың 7 қазан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде белсенді студенттердің университет ректоры Қанат Маратұлы Тиреуовпен кездесуі өтті.

Кездесудің мақсаты – білім алушылармен ашық диалог орнатып, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау, университеттегі оқу процесі мен студенттік өмір сапасын арттыру жолдарын бірге талқылау.

Шараға әр институттан белсенді студенттер, жастар ұйымдарының жетекшілері мен студенттік өзін-өзі басқару өкілдері қатысты. Студенттер оқу, жатақхана, тағам сапасы, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, шетелдік академиялық ұтқырлық бағдарламалары және басқа да өзекті тақырыптар бойынша сұрақтар қойды.

Ректор барлық сұрақтарға ашық жауап беріп, бірқатар мәселелердің шешімін бірлесе табуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар, жастардың бастамаларына қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Кездесу достық және еркін атмосферада өтіп, студенттерге өз ойларын тікелей жеткізуге мүмкіндік берді. Мұндай форматтағы ашық диалогтар жастардың белсенділігін арттырып, университет өміріне оң ықпал етеді.



